



Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 13 ақпандағы № 842 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті:
 - 1) ведомстволық құқықтық актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;
 - 2) заңнамада белгіленген тәртіппен осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2019 жылғы 13 ақпандағы
№ 842 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығына:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережеде:

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.";

12-тармақ мынадай мазмұндағы 64-32) тармақшамен толықтырылсын:

"64-32) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілейтін тәртіпте ұлттық қауіпсіздік органдарының ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асырады;"

12-1-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1), 26-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) континенттік қайраң шегіндегі террористік көріністерге ден қояды;"

"26-2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы белгілейтін тәртіпте Шекара қызметінің ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асырады;

13-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жалпы және арнайы жедел-іздігі және қарсы барлау іс-шараларын, криминалистикалық, психологиялық-әлеуметтік және полиграфологиялық зерттеулер жүргізеді;"

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен көрсетілген мемлекеттік органдармен - бірлескен нормативтік құқықтық актілерде, ал ұйымдармен келісімдерде белгіленген тәртіппен берілетін электрондық ақпараттық ресурстарды қоса алғанда, мемлекеттік органдардан, әскери құралымдардан, бөлімдер мен ұйымдардан өтеусіз және коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарды сақтай отырып алуға;"

16-тармақта:

53) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"53) ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне жеңілдік жағдайларында зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына мынадай қызметтерді есептеу тәртібі мен шарттарын белгілейді;"

56) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"56) Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерін және жұмыскерлерін қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге жіберу, сондай-ақ олардың шығындарын өтеу қағидаларын бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 87-1) және 87-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"87-1) (құпия);

"87-2) (құпия);"

92-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"92-1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында криминалистикалық зерттеулерді жүргізу және олардың нәтижелерін есепке алу қағидаларын бекітеді;"

100) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"100) (құпия);"

117) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"117) Ұлттық қауіпсіздік органдары үшін қажетті арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, қолдануға енгізу және қолданыстан шығару қағидаларын бекітеді;"

125-6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"125-6) Ұлттық қауіпсіздік органдарындағы ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін белгілейді;"

125-33) тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 125-50) тармақшамен толықтырылсын:

"125-50) Ұлттық қауіпсіздік органдарында қолданатын дербес электрондық есептеуіш машиналарына арналған бағдарламалық қамтамасыз ету қорын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын бекітеді;"

"Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі" деген бөлімі мынадай мазмұндағы "Шекара қызметі" деген кіші бөліммен толықтырылсын:

"Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "Батыс" өңірлік басқармасы (қызмет бабында пайдалану үшін).

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "Оңтүстік" өңірлік басқармасы (қызмет бабында пайдалану үшін).

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "Солтүстік" өңірлік басқармасы (қызмет бабында пайдалану үшін).

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "Шығыс" өңірлік басқармасы (қызмет бабында пайдалану үшін).

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жағалау күзеті өңірлік басқармасы (қызмет бабында пайдалану үшін).";

"Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі" деген бөлімнің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі" деген кіші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің академиясы (қызмет бабында пайдалану үшін)."

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 282 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 54, 533-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы ережеде:

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Шекара қызметінің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі";

13-тармақта:

мынадай мазмұндағы 10-1), 26-2) тармақшаларымен толықтырылсын:

"10-1) континенттік қайраң шегіндегі террористік көріністерге ден қояды;"

"26-2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасы белгілейтін тәртіпте Шекара қызметінің ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-әрекетті жүзеге асырады;

15-тармақ мынадай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын:

"40-1) Шекара қызметі ақпараттандыру объектілерінің ақпараттандыру саласында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-шараларға қатысады;"

мынадай мазмұндағы "Шекара қызметінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі" және "Шекара қызметінің қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі" деген бөлімдермен толықтырылсын:

"Шекара қызметінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Академиясы (қызмет бабында пайдалану үшін)

Шекара қызметінің қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "Батыс" өңірлік басқармасы (қызмет бабында пайдалану үшін).

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "Оңтүстік" өңірлік басқармасы (қызмет бабында пайдалану үшін).

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "Солтүстік" өңірлік басқармасы (қызмет бабында пайдалану үшін).

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің "Шығыс" өңірлік басқармасы (қызмет бабында пайдалану үшін).

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жағалау күзеті өңірлік басқармасы (қызмет бабында пайдалану үшін).".

3. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары қызметкерлерінің арнаулы киім нысандарының түрлері мен сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 627 Жарлығына:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары қызметкерлерінің арнаулы киім нысандарының түрлері мен сипаттамаларына:

1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) арнаулы киім нысаны – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысанды киім (киім-кешек) және қызметкерлердің ұлттық қауіпсіздік органына, сыртқы барлау қызметі саласындағы уәкілетті органға, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне тиістілігін айқындайтын айырым белгілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің өзге киімі (киім-кешек);

3) айырым белгілері – қызметкерлердің дербес арнаулы атақтарын, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының түрлеріне тиістілігін білдіретін арнаулы және өзге киім нысаны жабдықтарының элементтері.";

3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Арнаулы киім нысанының түрлері: ерекше салтанатты, салтанатты, күнделікті-далалық, өзге.

4. Арнаулы киім нысанының әрбір түрі, арнаулы киім деп қарастырылған маусымдық киімді қоспағанда, жазғы және қысқы деп бөлінеді.

5. Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында арнаулы (әскери) оқу орындарын аяқтағаны туралы белгілерді, сыныптық біліктілікті, айырым белгілерін, күнделікті-далалық киім нысандарының түстерін, сондай-ақ өзге де киімді (спорттық және арнаулы іс-шараларға қатысу үшін, сондай-ақ техниканы, қару-жарақты және тағы сол сияқты қызмет көрсетуге арналған) арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекітеді."